

Бекітемін «Nursultan 77»
балабақшасының меңгерушісі:
Л.Т.Табышева



Әдістемелік жинақ

Тақырыбы: Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу.



“Күншуақ” мектепалды тобы

Дайындаған: Ергалиева А.С

2026ж

ТҮСІНІК ХАТ

Ұлттық ойындар – қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларының ажырамас бөлігі. Олар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, балалардың дене шынығуына, ой-өрісінің дамуына, шапшаңдық, ептілік, тапқырлық сияқты қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде ұлттық ойындарды мақсатты түрде қолдану – балалардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттырып, Қазақстан халқының мәдени дәстүрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік кешен балабақша педагогтарына күнделікті оқу іс-әрекетінде, серуен барысында, спорттық және мерекелік шараларда ұлттық ойындарды тиімді пайдалану үшін дайындалды. Кешенде ойындардың сипаттамасы, мақсаты, қажетті құралдары, ұйымдастыру жолдары мен қауіпсіздік ережелері берілген.

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындары арқылы жан-жақты дамыту, дәстүрлі мәдениетті құрметтеу дағдыларын қалыптастыру, дене қозғалысын жетілдіру.

Міндеттері:

- ұлттық ойындар арқылы балалардың дене дамуын қолдау (ептілік, жылдамдық, тепе-теңдік);
- логикалық ойлау мен есте сақтау қабілетін арттыру;
- қарым-қатынас, ынтымақ, достық сезімдерін қалыптастыру;
- қазақ халқының салт-дәстүрлеріне қызығушылық пен құрметті тәрбиелеу;
- ойын кезінде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

Ұйымның атауы: "Nursultan 77" балабақшасы

Әзірлеуші: Ергалиева А.С

Лауазымы: тәрбиеші

Балабақша меңгеруші: Л.Т.Табышева

КІРІСПЕ

Баланы тәрбиелеу кезінде ұлттық құндылықты бойына сіңіру қажет. Ұлтжанды болуы үшін балаға ең бірінші отбасындағы ұлттық тәлім-тәрбиені, ұлттық болмысты көрсету керек. Ал балабақшада балаға ұлттық құндылықтарды баланың бойына сіңіреміз.

Балаларға ұлттық құндылыққа байланысты түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, ұлттық тәрбиені ұштастыра алуымыз керек. Мәселен, қазақ халқының салт-дәстүрлерін сөзбен ғана емес іс-жүзінде көрсетіп түсіндіргеніміз жөн. Сонда ғана бала өз бойына керекті нәрселерді сіңіре алады. Баланы жаң-жақты дамыту үшін, жаңа қырларын ашу үшін, ұлттық болмысты қалыптастыру қажет. Соның ішінде ұлттық құндылықты сіңіру үшін, балаға өзінің шыққан тегін, ұлтың, қай мемлекетте тұратының, туымыз, елтаңбамыз бен таныстыра білуіміз керек. Ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық аспаптар жайында көрсетіп, бала бойына рухани адамгершілікті, мәдениеттілік, еңбекқор, сыпайылық сезімдерін сыйлай аламыз.

Өзектілігі: Жас ұрпаққа үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет-ғұрыпты оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін ұғындыру.

Мақсаты: Балаларды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тарихын мәдениетін салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған.

Міндеті: Баланың бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін балаға көптеген ұлттық ойын түрлерін ұсыну қажет. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беру.

Ұлттық рух- ұлттық мұра.

Ұлттық рух – халықтың өзіндік болмысы, салт-дәстүрі, тіл мен мәдениетіне деген құрметі және ата-баба мұрасын қастерлеуі. Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдақтарының бірі. Сондықтан тәрбие жүйесінде ұлттық құндылықтарды ерте бастан сіңіру – болашақ ұрпақтың рухани бай, отаншыл, мәдениетті болып өсуінің кепілі.

Осы бағытта ұлттық ойындар ерекше рөл атқарады. Ұлттық ойын – тек қимыл-әрекет ғана емес, ол – халықтың дүниетанымын, мінезін, әдет-ғұрпын, өнерін бойына сіңірген рухани құбылыс.

Әр баланың жеке басы оның ұлттық рухта, моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған тәрбиешілердің күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі.

Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет. Қазақ халқының ұлттық ойындары ғасырлар бойы бала тәрбиесінің ажырамас бөлігі болып келді. «Баланың көңілі – ойын» деген ұлағатты сөз ұлттық ойынның тәрбиелік мәнін айқындайды.

Ұлттық ойын арқылы бала:

- өз халқының мәдениетімен ерте танысады;
- ұлттық дүниетанымды қабылдай бастайды;
- батылдық, ептілік, шыдамдылық сияқты қасиеттерді меңгереді;
- салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа құрметпен қарайды.

Мектепке дейінгі жаста ұлттық рух ең алдымен ойын барысында қалыптасады. Өйткені ойын – баланың табиғи әрекеті, ал ұлттық ойын – оның бойына ұлттық болмысты дарытатын құрал.

Ұлттық ойын- ұлт қазыпасы.

Ұлттық құндылыққа байланысты көптеген ойын түрлерін ұсынуға болады. Баланың ой-өрісін, қиялын, ерік-жігерін дамытуға болады. Баламен бірге музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде түрлі қазақ халқының күйлерін тыңдатып, ырғаққа сүйемелдейміз.

Баланың бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін музыка ұйымдастырылған іс әрекеті мәселең, ұлттық аспаптарымыз бен таныстыра отырып, оның дауысын, үнің естіп тыңдай біледі. Ал бала ойын ойнағанда тек үстел -үсті ойындары емес, ұлттық ойындарымыз: қол күрес, арқан -тартыс, қыз қуу, аудараспақ, асық ойындарын меңгертіп, көбірек ұсынған жөн. Ұлттық киімдер түрлерімен таныстырып, шапандағы ою-өрнектермен және де бас киім түрлерімен таныстыра біліп, балаға ұғындыру керек.

Сонымен қатар ою-өрнек түрлерімен таныстырып ғана қоймай, қай жерде қолдана білу керектегін ұғындыруымыз керек.

Ұлттық тәрбие алған бала ұлтжанды, білімді, сабырлы, ақылды, өзекті, алғыр бала болады. Ертеңгі ел болашағы- қазіргі жас бүлдіршіндердің қолында, демек ұлттық тәрбиені қазіргі шақтан бастап баланың санасына құя білуіміз қажет. Ұлттық сана сезімі қалыптасқан бала болашақта кемеңгер, өз халқының өркендеуіне үлесін тигізері анық!



Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы

Ұлттық ойындардың әрқайсысы белгілі бір қасиетке баулиды:

- «Арқан тарту» – бірлік пен ұйымшылдыққа тәрбиелейді;
- «Асық ойындары» – дәлдік, төзімділік, шыдам;
- «Ханталапай» – жылдамдық, шапшаңдық;
- «Теңге ілу» – ептілік пен икем;
- «Көкпар» (жеңіл нұсқа) – батылдық, күш, табандылық;
- «Тоғызқұмалақ» – логикалық ойлау, зерделілік;
- «Ақсерек-көксерек» – қимыл үйлесімділігі, топпен әрекеттесу.

Ұлттық ойындардың басты ерекшелігі – бала тұлғасын жан-жақты дамытуы. Олар тек физикалық дағдыларды емес, ой-сананы, тілдік қабілетті, эмоциялық тұрақтылықты, ұжымда жұмыс істеуді дамытады. Ұлттық ойындарды балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісінде қолдану үшін ең алдымен осы қағидаларды қолдану қажет.

Балабақшада ұлттық ойындарды:

- серуен кезінде;
- дене шынықтыру сабағында;
- оқу қызметінің кіріспе және қорытынды бөлімінде;
- мерекелік шараларда;
- ұлттық дәстүрлер апталығында қолдануға болады.

Ұлттық ойындар – халқымыздың рухани қазынасы, салт-дәстүріміздің көрінісі. Балабақшада ұлттық ойындарды жүйелі әрі мақсатты қолдану арқылы біз балалардың физикалық дамуын ғана емес, ұлттық рухын, отансүйгіштігін, патриоттық сезімін, мәдени құндылыққа құрметін қалыптастырамыз.

Бүгінгі баланың ұлттық рухы мықты болса – ертеңгі елдің рухы биік болатыны сөзсіз.

Жеті атанды танып біл!

Ұлттық тәрбие ғасырлар бойы сараланып халықтың ой –арманы ,тіршілік тынысы,шаруашылық кәсібі,салт –дәстүрмен тығыз байланысты. Демек Халық «Баланы жастан» деп бекер айтпаған. Бас қосуларда үлкен адамдардың жақсы ісін,еліне сіңірген еңбегін,мінез құлқын үлгі өнеге етіп отырған. Жаманнан жиреніп жақсыға жақындап отырған. Бабаларымыздың өсиет сөздерін балалардың құлақтарына құйған «Талаптыға нұр жауар» «Бала теңіне қарап өседі.» Баланы ең әдемі мейір шапағатқа, сонан соң ақыл парасатқа нағыз пайдалы ғылымға баулу», «Ұл қызыңды бес жасқа дейін хандай көтер, он беске келгенше құлдай жұмса , одан соң құрбыңдай көріп ақылдас» «Ақылсыз ұл қырыққа келгенше бала, ақылды бала қырыққа –дана», «Дәрігердің қолы,ұстаздың жүрегі жылы», осындай мақал мәтелдерді ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде пайдалану баланың тілін ширатып,ұлттық рухқа тәрбиелейді.

Ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы–бауырмашылдық қазақтың ұлттық рухын оятатын әдемі бір көрініс. «Баланы бауыр еттен жаралған» деп таныған қазақтың бауырмашылдығы басқа халықтардан ерекше көзге түсетін ерен қасиеті барынша сүйіп, аялап өсірген баланың ата –ананы құрметтеуі де осы бауырмашылдықтан бастау алған жақсы өнегенің жемісі-деп есептеген жөн.

Жеті ата

Халық жеті атасын білмеген ұрпағын «тегін білмейтін тексіз» деп кінәлайды.

Қазақтардың таным-түсінігінде Жеті ата ұғымы бар. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті.

Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс.

Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы–туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады:

1. Бала.
2. Әке.
3. Ата.
4. Үлкен ата
5. Баба.
6. Түп ата.
7. Тек ата.

Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда былайша ататек жалғаса-ды: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

Тәрбие – тал бесіктен.

Қазақ халқының бай салт – дәстүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі көп. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы ерекше. Жазу сызу болмаған кезде халықтың ой- арманынан шыққан әңгімелер жұмбақтап айтқан

сырлары, тілдерін ұштаған жаңылтпаштар, өтірік өлеңдер ұшқыр ойдан шыққан мақал мәтелдер, қиял ғажайып ертегілер баланың тілін ойын дамытатын санамақтар ұлттық тәрбиені қалыптастыруда ерекше орын алады. Халық ауыз әдебиетінің салалары өте көп. Олар жырлар, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ өтірік өлеңдер т.б. Осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай оларды жалықтағырып алмайтындай сана-сезіміне әсер ету арқылы қызықтыра отырып, бойларына сіңіру, олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етері хақ. Халық ауыз әдебиетінің үлкен бір тармағы – тұрмыс салт жырлары. Оның ішінде бесік, тұсау кесер жырлары баланың тіліне жеңіл, жаттауға оңай әрі қызық болғандықтан сүйсіне жаттайды.

Бесік жыры – бала өміріне бастау болатын арна – ана поэзиясы. Ананың арман – тілектерге бай бесік жырлары сәби жүрегіне аналық махаббаттың сүйіспеншіліктің адамгершіліктің негіздерін ұялатады. Баланың жан дүниесінде әлди жырлар арқылы тәрбие мен ұлттық сана қалыптасып, этномәдени нәр себеді. «Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші тәрбие өзегін адамның сәбилік кезеңінен қолға алып, бесіктегі күнінен ұлттық рухани тәрбиемен сусындату қажет. Бесік жырларының әуені әр балалы отбасында айтылуы – ұлтымызды сақтаудың бірден-бір тура жолы.

Бесік жырын мазмұнына қарай бесікке бөлеу, жұбату, тілек айту сынды жырларды ұсыну керек.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы-ұлттық тәрбие

«Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам»

Өзгелердің мүддесін өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болу, тәкаппарлыққа жол бермеу.

Достарының, отбасының сенімін ақтау.

Жанашырлық таныту - өзгелердің мұң-мұқтажыдығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету.

Кешірімді болу – ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін кек алудан аулақ болу.

Рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу.

Жауапкершілік таныту – адал болу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болу.

Тілек

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным:
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой
Айжан болсын есімің
Құтты болсын бесігің
Әлди,әлди әлди-ай!!!

Жұбату

-Айжан біздің қайда екен?
-Қыздарменен тойда екен.
-Тойда неғып жүр екен?
-Алма теріп жүр екен.
-Алмасынан кәнеки?
Жаңа теріп жүр екен.
Жаңасынан кәнеки?

-Қабы толмай жүр екен.
Әлди,әлди әлди-ай!!!

Жаңылтпаш

Халық баланың тілін ширату үшін ,оған сөз үйретіп ,дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.бөбектің тілі шығып,балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде ,кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей мүдірмей сөйлеу үшін ,қиналып айтылатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап,жаңылмай жаттықса сөйлегенде де мүдірмей өз ойын толық жеткізетін болады.

Жаңылтпаштарды жаттап,жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау сөз қадірін білу сезімі қалыптасып,ой-қиялы дамиды тәлім алады.

Жаңылтпаштар
Шуақтаған ботамды,
Шуға апарып шуладым.
Шудалаған шудасын,
Суға салдым,
Судан алдым,
Суға малдым.

Ай, ай, Айдарбай,
Иір мүйіз сиырды
Үйіңе айдай бар!

Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілке,
Суға сақалын мала, сілке.

Есет ағам ет асатар,
Ет асатса, бес асатар.

Беріп тай, лақты,
Алдым тайлақты.
Беріп тайлақты,

Алдым тай, лақты

Топ бала, топ бала,
Ойнап жүр топтала.
Зымырап допты ала,
Қуады көп бала.

Жұмбақ -нақты бір зат туралы тұспалдап ,ұқсатып,бейнелеп айту арқылы баланы ойлату ,танымдық білімдік ұғымдармен түсініктерді ой киял елегінен өткізіп,тұжырым жасап,шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін айтады. Заман өзгерген сайын ұлттық тәрбиеде жаңа мазмұнды жұмбақтармен толыса береді.

Жұмбақтарды Аристотель «Жан-жақты жымдасқан метафора»дейді Яғни затты бейнелеп,баламалапсипаттау арқылы ұқсас заттардың қасиеттері мен түріне аумағына көлеміне зер салып,жұмбақты шешуші жұмбақты шешеді,әр заттарды салыстыра көз алдына елестететіпдүниетанымдық қабілетін дамытады.

Жұмбақтар көбінесе үйлесімді ұйқасы әсем де ырғақты өлеңмен құрылады.қара сөзбен жасалған жұмбақтар бар.Жұмбақтарды жаттап айтумен қатар кез келген айтушы өз ойынан құрастырып та айта береді ,тек жұмбақтың сөздік қисыны ,өлеңдік үйлесімі болуға тиіс.Жұмбақ айтушы неғұрлым көбірек күрделірек жұмбақтарды тауыпайтып, шешушіні жеңіуге тырысады. Егер жұмбақ шешуші мүдірмей айтылған жұмбақтарды дұрыс және толық шеше алса ,оның өзі де жұмбақ айтыпжұмбақ айтыс жалғасып, айтушы мен шешуші өз білімін сараптайды.

Жұмбақтар

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады.

(Кун)

Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса, аттама,

(Кітап)

Көзіңе көрінбейді,
Қаңғуға ерінбейді.
Шалғынды жапырады,
Жол бойын сыпырады.

(Жел)

Қол созсаң, ақ күміс
Алақанға толады.
Ашып-жұмсаң, із-түссіз

Лезде жоқ болады?

(Қар)

Мақалдар- нақыл өсиет түрінде айтылатын ой түйіндері сөз мәйегі мақалдар көбінесе өлеңдік өрнекпен сабырлы салмақты ырғақпен айтылады. Қара сөзбен яғни шешендікпен айтылатын мақалдарда бар. Мақал негізінен екі бөлімнен құралады.Пайымдау-айтылған ойдың түп негізі.екінші ой қорытындысы айтылады.

Мәтелдер –негізінен тұжырымы тұспалы өлеңде сыңар тармақты қара сөзде нұсқалы сөз ретінде пайдаланылады. Мәтелдер тура және ауыспалы мағынада айтылады. Мысалы «Қадірінді білгенге жұмса.», «Тікен гүлін қорғайды.» қазақ халқы –сөз қадірін біліп,қасиетті сөзді қастерлеп,ауызынан тастамай өнеге ретінде данышпандығын өлең өрнектерімен өрнектеп,терең мағыналы сөздермен өрнектеп келе жатқан халық Мақалсыз мағынасыз сөйлеген қартадамның сөзінің қадірі болмайды.қазақтың мақал мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары Елдік,ынтымақ,бірлік туралы мақал мәтелдер.

Мақал-мәтелдер
Ата — асқар тау,
Ана — бауырындағы бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

Ақыл — тозбайтын тон,
Білім — таусылмайтын кен.

Әдепті бала — арлы бала,
Әдепсіз бала — сорлы бала.

Өнерлі істе — жеміс бар,
Өрелі істе — жеңіс бар.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға келсін кез.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен жоқ болса, кішіден сұра.

Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны іледі.

Қазақтың ұлттық ойындары


Қазақтың ұлттық ойындарына "Сұңқарлар мен қарлығаштар", "Ақсүйек", "Орамал", "Балапандар", "Тақия тастамақ!", "Түйме алу" сынды ойындар жатады.

Балаларға арналған қазақтың ұлттық ойындарының айрықша ерекшелігі - ұтқырлық, ептілік және ұқыптылық. Ұлттық ойын арқылы балаларға қазақ халқының ұрпақтары мен игіліктерінің даналығы беріледі. Ойындар балаларға жанашырлық сезімін, командалық қолдауды және жеңімпаз болуға деген ұмтылысқа бейімдейді.

Қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, кіші топтағы балаларға лайықты: «Санамақ», «Тәй-тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Ақ серек-көк серек» т.б ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ», «Тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге», «Көкпар», «Асық», «Хан талапай», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Орамал тастамақ», «Ақсүйек», «Күрес» т.б ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тапқырлықтарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Сан алауан ұлттық ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуге күш-жігерін жұмсай білетін төзімділікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар.



**Асықтан жасалған балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға
арналған құралдар**



Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы тәсілдер

- Ойын арқылы тәрбие

Балаларға «Қыз қуу», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындарды ойнату олардың қазақ халқының өмір салтымен жақын танысуына көмектеседі.

- Тәрбие сағаттары мен ертеңгіліктер

Наурыз мерекесін атап оту, қазақ ертегілері мен батырлар жырын сахналау – ұлттық құндылықтарды балаларға жеткізудің әсерлі жолы.

- Қолөнер үйрету

Баланы кесте тігу, ою-өрнек салу, киіз үйдің құрылымын түсіндіру сияқты дәстүрлі қолөнермен таныстыру ұлттық мәдениетті тануға мүмкіндік береді.

“Бәйге ойыны”

Шарты: Әр командадан екі қатысушы шығады. Орындыққа отырып, жылдам таяқшаға жіпті орап отырып, өз атын жылдам мәреге жеткізу керек

Шарты:

«Қоржын» ойыны

Шарты: асықтарда жасырылған сұрақтарға екі команда кезекпен жауап береді. Егер дұрыс жауап берсе, команда қоржынына асық салып, ұпай жинайды.

«Домино» ойыны

Шарты: карточкаларды суреттерге байланысты тізбектеу керек. Қай команда тезірек орындайды, сол жеңімпаз аталады.

«Шертпе» ойыны

Шарты: әр команданың қатысушылары кезекпен асықтарды шашады. Бірдей түскен асықтарды, шертіп алу керек. Кім көп асық атып алады, сол жеңімпаз болады.

Ұлттық ойындар

Мақсаты: асықтарды дұрыс иіруге, ептілікке, алғырлыққа баулу.

Шарты: Ойынға 3-4 ойыншы қатысады. Әр ойыншының 2 асығы болады, бұл бәйге тұлпарлары. Ойыншылар алма-кезек асықтарды иіріп отырады, алшы мен тәйке қатар түскен уақытта 2 «тұлпары» қатар жүреді, ал тек алшы немесе тәйкенің бірі түссе тек бір «тұлпар» жүреді. Ойыншылардың міндеті 2 «тұлпарды» мәреге жеткізу, қай ойыншының екі тұлпары мәреге тез жетсе, сол жеңімпаз болады.

«Ұлттық құндылықтар» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: сана-сезімдерді жаңғырта отырып, ұлттық мұралар мен салт – дәстүрлерге байланысты білімдерін еске түсіру.

Шарты: ойыншы текшені лақтыра отырып, түскен текшенің түсіне сәйкес асықтың суретін ашады да, соның астындағы суретке сай тапсырма орындайды. (сұрақтарға жауап береді).

Домбыра-күйді тыңдап, атын және кімнің күйі екенін табыңыздар.

2.Торсық-торсық неден дайындалады және қандай мақсатта қолданылады? (Торсық жасаудың негізгі шикізаты түйенің, сиырдың, жылқының жон, сауыр терісінен тігеді. Тері тұздалмаған жақсы өңделген болу керек. Ата-бабамыз мал баққан, көшпелі қоныс аударып жүретін халық болған, сондықтан торсықты ыдыс ретінде пайдаланып қымыз, айран, шұбат т.б. сүт тағамдарын құйып пайдаланған. Торсықтың сол кездегі тиімділігі ішіндегі сусын ашымаған және сынбайтын ыдыс болған.)

3. Тақия-ұлттық ойындарды атаңыз.

4.Ою-оюлардың аттарын атаңыз.

5.Бауырсақ-ұлттық тағамдарды атаңыз.

6.Қоржын-қоржын туралы не айта аласыз? (Қоржын – иірілген жүннен тоқылған үй бұйымы. Түрлі заттар алып жүруге пайдаланылады. Жай жолақты немесе түрлі өрнекті, сондай-ақ кілемше (түкті, өрнекті) түрінде жасалады.)

7.Бесік-балаға байланысты салт-дәстүрлерді атаңыз.(шілдехана, бесік той, тұсау кесу, сүңдет той, сырға той)

8.Астау-ас туралы мақал-мәтел айтыңыз. (Ас – адамның арқауы.Қонақ келсе, ет қызарар, Ет қызармаса бет қызарар. Ас үстінен аттама, астан үлкен емессің. Беретін кісі келгенде, бес қайнайды қазаным. Барынды батып іш, Жоғынды сатып іш.Тойсаң, тоба қыл.

Құрғақ қасық ауыз жыртады.

Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен.

Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды, Тоқ бала аш болам деп ойламайды.)

9. Камзол-әйел адамның ұлттық киімдерін атаңыз. (көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәжекей, кебіс-мәсі)

10.Сәукеле- қазақ халқы сәукелені не үшін кигізген?

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты дененің шынығуын қажет етеді. «Ормал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты», ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға өмір тәжірибесін кеңейтуге, ептілік қабілеттерін жетілдіруге зор әсерін тигізеді. Біз әр бала ақылды, данышпан болуы үшін бойына ұлттық сананы, дәстүрді ойын арқылы сіңіртуіміз керек.Қазіргі технологияның қарқынды дамыған заманында балабақша іс-әрекеттерінде жиі пайдаланып жүрміз. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы да ескертеді. Адамның денсаулығы жас кезінен бастап қалыптасуы керек десек, оған әртүрлі ойындардың да тигізер әсері зор.

«Ақсүйек» ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойын шарты; ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. Ақсүйек жерге түскеннен кейін тәрбиеші; ал ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі шарт. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей, тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады. «Айгөлек» ойын мақсаты; балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Үйлесімді қимыл – әрекеттерін, жылдамдық қасиеттерін жетілдіру. Ойын барысы; балалар теңдей екі топқа бөлінеді. Аралары 20-30 қадымдай аралықта бір – бірлеріне карама – қарсы қарап қол ұстасып тұрады. Бірінші топ; «Айгөлек – ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Ақтерекпен көктерек, Шауып алдым бәйтерек. Ақтерек пен көктерек, Бізден сізге кім керек?» деп хормен сұрайды. Екінші топ; «Айгөлек – ау, айгөлек Айдың жүзі дөңгелек. Ақ терек пен көк терек. Шауып алдым бәйтерек. Ақтерек, көктерек. Анау тұрған ... (бір баланың аты аталады) керек!» - деп хормен жауап береді. Аты аталған бала жүгірген күйі барып, қарсы топтың ұстап тұрған қолдарын үзіп өтуі керек. Егер үзіп өтсе, сол балалардың бірін өзімен бірге алып қайтады, үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ойынның соңында қай топтың балалары көп болса, осы топ жеңімпаз болып есептеледі.

«Теңге алу» ойын мақсаты; балалардың ойынды өз мәнінде өрбіте білуі, жылдамдыққа баулу. Ойын құралдары; теңге, ағаш ат. Ойын шарты; екі топ ойыншыларының әрқайсысы жеке – жеке шыбықты ат етіп мінеді. Ойынды бастаушы жүргізеді. Ойын басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі 1 қарыстай екі шұңқыр қазылады. Әр шұңқырға он – оннан тас салынады. Екі топтан екі сайыскер шығады да сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша, шыбық аттарын мініп шаба жөнеледі. Сол беттері мен әлгі шұңқырға жетіп, қол сұғып жібереді де тасты іліп алып, әрі қарай кетеді. Шұңқыр тұсында бүгілуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

«Аударыспақ» балалардың ептілігін, күшін, жылдамдығын байқау. Ойын көгалда, кең жерде өтеді. Ойыншылар санына шек қойылмайды. Үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен, қарсыласын шеңберден итеріп шығарса – жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса – жеңілгені. Ойын жалғаса береді.

«Тауқырайдан» ойын мақсаты; балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын ояту. Аңғарымпаздыққа баулу. Ойын құралдары – тақия. Ойын шарты; ойнаушылар бірінің қолы бірінің басына жетерліктей мөлшерде дөңгеленіп отырады. Ойын бастаушыдан басқаның бәрі жалаң бас болуы керек. Ойын бастаушы; «Тауқырайдан – Тауқырайдан» деп қайталап айта береді де, өз басындағы тақияны оң жағындағы көршісінің басына кигізе қояды. Көршісі де сол сөзді қайталап, оң жақтағы көршісіне кигізеді. Осылай жалғасып кете береді. Бір мезетте ойын бастаушы көзін жұмып отырады да; «Тау – тау» деп басын өз қолымен баса қояды. Тақия кімнің басында қалса, соған айып салынады. Айып иесі ән, тақпақ айтады не би билейді.

«Тақия тастамақ» ойыны

Ойым бар бір ойын бастамақ,
Аты оның - «Тақия тастамақ».
Шеңбер боп отыра қалыңдар,
Ым қағып жүрмесін қас-қабақ.

Ақырын аспаймын, саспаймын,
Шеңберді айнала бастаймын.
Біріңнің тұсыңа жеткенде,
Сездірмей тақия тастаймын.

Орнына жеткенше жүгіріп,
Өзіңнен аламын соққыны.
Шығасың тақия тастауға,
Ойынды басынан бастауға.

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың басына тақия кигізе салады. Тақияны байқаған бала тұра жүгіріп орнына тез жету керек жете алмаса ойынды жалғастырады. Тақияны бала сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Арқан тарту

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

«Хан талапай»

Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы.

Талапай-ау, талапай,
Табылды ойын, алақай!
Бүк асықпен - бүкті,
Шік асықпен - шікті,
Тәйкеменен - тәйкені,
Алшыменен - алшыны.
Бір-біріне атамыз!
Қызығына батамыз!
Талапай-ау, талапай,
Ойын қызық, балақай!
Асықты алға шашамыз,
Егер, «Хан» алшы түссе
Талапайға басамыз.
Біреу- бесеу, он алды,
Біреу-одан мол алды
«Хан» түссе кім қолына,
Бар асықты сол алды-деп

«Хан» алған бала жеңімпаз атанады. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк, шік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.

“Қыз қуу ойыны”

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.

«Көтермек»

Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді.

«Сақина жасыру»

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады.

«Асық ату»

Аумағы екі-үш қадамнан тұратын дөңгелек көн сызылады. Ортасына әр ойыншы келісім бойынша екі-үштен (не одан да көп) асық тігеді. Сақасын иіру арқылы кезегін алған ойыншылар он-он бес қадамдай қашықтан тігілген асықтарды сақамен ата бастайды.

Ойыншы сызықтың сыртына шыққан асықты ғана алады да, әрі қарай сақасының жатқан жерінен (егер сақа сызықтың ішінде жатса, онда сызықтың сыртына ғана атуға болады) қайтадан ата бастайды. Егер ойыншы бірде-бір асықты дөңгелек көннің сыртына шығара алмаса, ойыннан шығады. Ойыншылардың бәрінің кезегі біткенде, асықтарды қайта тігіп, ойын жалғаса береді.

«Түйілген орамал»

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы.

«Белбеу соқ»

Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс.

Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді.

«Соқыр теке»

Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар осы шеңберден шықпауы керек.

Ойынды жүргізуші «тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, «Соқыр теке» былай дейді:

Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсем сөзім жоқ
Маған жақын келіндер,
Біреуін ұстап беріндер.

Мұнан кейін «Соқыртекені» айнала қоршаған балалар:

Соқыр, соқыр, соқырақ
Ұмтыла қу ұстауға
Тырысамын түспеуге
Сенің айла, қуыңа
Ал ұстап қор батырым
Міне келе жатырмыз,-деп олеңдерді бірге

қосылып айтады. Олең айтылып болысымен, «Соқыртеке» шең-бер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушы-лардың шеңберден шығып кетпеуі қадағаланады. «Соқыртеке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады.

«Теңге ілу»

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйығытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Алтыбақан

«Алтыбақан» - қазақтың ұлттық ойыны. Алтыбақанды сырықтың екі басында үш-үштен қосақтап (мосы ағаш сияқтандырып) байлайды. Бұл - жастардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар, жігіттер болып айтысып, бір-бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойын-сауығы. Қазір де үлкен тойларда алтыбақан құрылады.

Алтыбақанды құру мынандай тәсілмен жүзеге асырылады: алты бақанды сырықтың екі басын үш-үштен қосақтайды да мосы тәрізді етіп байлап тастайды. Бақанның аша тармағы сырыққа кигізіліп тұруға тиісті.

Аударыспақ

Ол - қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атка мінген екі жігіт жекпе-жекке шығып, бірін-бірі аттан аударып тастауға тырысады. Аударыспаққа үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған он сегіз жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойы-нының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батылдықты талап ететін спорттық ойын.

«Түйе-түйе»

Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды.

Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді.

«Күш сынаспақ»

Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді.

Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.

«Арқан түйю»

Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолында арқаны бар жүргі-зуші топ арасынан шығады да: -ойын бастайды-деп дауыстайды. Сонан соң арқанның түйілмеген басын ұстан шеңбер бойымен айналады, арқанды балалардың аяқтарының астынан жібереді. Балалар арқан үстімен секіріп тұрады. Кімде-кімнің аяғына арқан ілініп, секіре алмай қалса ол бала ойынды тоқтатып өнер көрсетеді, тақпақ, өлең айтады немесе билеп береді.

«Қуыр-қуыр қуырмаш»

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға: -ортанғы саусағымды тапшы,-дейді. Екінші балаға карап байқап отырады да, міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек. Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың атын бір-бірлеп түгел атап береді. Басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек. Бес саусағын түгел жұмады. Тағы да бас бармағыннан бастап, былай деп бес саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.
Сен тұр түйеңе бар
Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра
тұр.
25

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:

Қуыр-қуыр, қуырмаш
Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды. Осыларды істеп бола беріп:

Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде түлкі бар-деп баланың білегі-нен
қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар -деп сәл ғана
қытық-қытық! Қытықтайды.

«Ақсерек –Көксерек»

Бөлінейік екіге,
Тұрайық жолдың шетіне,
Қол ұстасып алайық,
Ажырамастай бекіне.

Бірінші топ:

Ойынға бала көп керек,
Қалмасын ешкім өкпелеп.
Ақсерек - Көксерек,
Сіздерге бізден кім керек?

Екінші топ:

Мықты біздің шебіміз,
Бұздырмаймыз, тегі, біз,
Болса сынап көріңіз,
Күшіңіз бен ебіңіз.

Біздің берік арнаны, -
Екпінмен соғып қалады.

Бұзса олжа алады,
Бұзбаса тұтқын болады.
Шақырамыз сынаққа,
Ержан - деген баланы.

«Тауық күрес немесе итеріспек»

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да - тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Ойнаушылар жиналып болғаннан кейін, үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен, қарсыласын шеңберден итеріп шығарса - жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса - жеңілгені. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Ойын жалғаса береді.

Балабақшадағы бүлдіршіндердің ойындары әдетте зиянсыз болады. Олар үлкендер сияқты жанжалдаспайды. Ойын ойнаған жерде қалады. Ойын ойнап болған бала бәрін ұмытып, шарашап тәтті ұйқыға кетеді. Тұра салысымен тамағын ішіп, үйге қайтуға, ертемен балабақшаға келуге ғана асығады. Олар үлкендеу балаларға қарағанда әлсіз әрі барлық нәрсеге сенгіш. Сондықтан да олар мен ойын ойнауда тәрбиешілер мен күтушілердің өзін рахатқа бөлейді

Осындай екі жақты қарым – қатынас арқасында ғана балабақшаның жұмысы жанданып, өз дәрежесінде бала тәрбиесі жақсы жағына қарай бетбұрыс жасайды деп айтуға негіз бар.

Балалар ойынында кейде өлең-тақпақтар жиі кездеседі. Ол өлең-тақпақтардың негізгі мақсаты тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез-келген ойынның аяғында жеңу бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол көбінесе тақпақ айту, ән салу, би билеу түрінде болады. Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы - балалардың бойында өнердің, білімнің, тәрбиенің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға төселдіру екенін аңғару қиын емес.

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал.

Жас ерекшелігіне қарай ұлттық ойындар

Кіші топ (3–4 жас)

Бұл жастағы балаларға қарапайым, қайталама қимылдары бар ойындар ұсынылады.

1) «Сапамақ»

- *Мақсаты:* тіл дамыту.
- *Өтуі:* тәрбиеші сапамақ айтады, балалар қимыл жасайды.

2) «Ақсерек-көксерек» (жеңіл нұсқа)

- *Мақсаты:* есту, қимыл үйлесімділігі.

3) «Теңге ілу» (ойыншық теңгелермен)

- *Мақсаты:* қол-көз координациясы, моторика.

4) «Қуыр-қуыр, қуырман»

- *Мақсаты:* саусақ моторикасын дамыту.

5) «Қарлығаш»

- *Мақсаты:* қимыл дағдысын дамыту.

Ортаңғы топ (4–5 жас)

1) «Арқан тартыс»

- *Мақсаты:* күш, бірлік.
- *Жабдық:* жұмсақ, жеңіл арқан.

2) «Ханталапай» (ірі, жұмсақ шарлармен)

- *Мақсаты:* шапшаңдық, реакция.
- *Өтуі:* тәрбиеші шарларды шашады, балалар жинайды.

3) «Ат жарыс»

- *Мақсаты:* жылдамдық, тепе-теңдік.
-

- *Құрал:* таяқ-жылқы ойыншығы

4) «Асық ойыны» (үлкейтілген ойыншық асықтар)

- *Мақсаты:* дәлдік, моторика.

5) «Қарагөз»

- *Мақсаты:* есту, есте сақтау.

Ересек топ (5–6 жас)

1) «Асық ату»

- *Мақсаты:* дәлдік, төзімділік.
- *Нұсқа:* резеңке асықтар.

2) «Көкпар» (доппен)

«Бәйге» (атпен)

- *Мақсаты:* батылдық, шапшаңдық.

3) «Тоғызқұмалақ» (жеңілдетілген)

- *Мақсаты:* логикалық ойлау.

4) «Алтыбақан» (мерекелік іс-шарада)

- *Мақсаты:* ұлттық дәстүрді таныту, музыкаға қызығушылық.

5) «Теңге ілу» (күрделі)

- *Мақсаты:* ептілік, икемділік.

Қорытынды

Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделген. Тапқыр да алғыр, шымыр да епті, қайратты да қажырлы бала өсіруді армандамайтын отбасы жоқ. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады.

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып откізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!

Еліміздің бүгіні мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан- жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан патриот ұрпақ тәрбиелеу үшін «Ұлттық ойындардың» маңы зор.

Қорыта келе қазақтың ұлттық ойындары мектепке дейінгі балалардың денесін шынықтырып, оның рухани қалыптастыру негізін құрайтын, салаутты өмір салтын қалыптастыруда маңызды құралдардың бірі екендігіне көз жеткізуге болады. Балаларға дәстүрлі ұлттық ойындарды үйрету арқылы жас ұрпақтың денсаулығын реттеу, салауатты өмір сүруге жағдай жасау осы күнгі заман талабы.

Әдебиеттер:

- 1.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – Алматы: “Білім” 2004 ж.
- 2.Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. – Алматы: “Санат” 1995 ж.
- 3.Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: “Санат” 2001 ж.
- 4.Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. “Этнопедагогика” - Астана. 2005 ж.
- 5.Қалиев С., Оразаев М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: “Рауан” 1995 ж.
- 6.Жұмабаев.М. “Педагогика” – Алматы: “Ана тілі” 1992 ж.
7. Бала мен балабақша No1, No2,No3,No4 2011ж
8. Бала тәрбиесі No1, No2,No3,No4 No5 2011ж

	Мазмұны	
Кіріспе		1
Ұлттық рух- ұлттық мұра		2
Ұлттық ойын- ұлт қазынасы		3
Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы		4
Жеті ата		5
Тәрбие – тал бесіктен		6
Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы-ұлттық тәрбие		7
Жаңылтпаштар		8
Жұмбақтар		9
Мақалдар		10
Қазақтың ұлттық ойындары		11
Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы тәсілдер		13
Ұлттық ойындар		14
Жас ерекшелігіне қарай ұлттық ойындар		25
Қорытынды		27
Әдебиеттер		28

ПІКІР

Әдістемелік жинақ

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасы

Автор: Ергалиева Айжанар Сеилхановна

Тақырыбы: "Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу".

Ұсынылып отырған әдістемелік кешен мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындар бағытындағы жұмысты жүйелі жүргізуге арналған құнды жинақ болып табылады. «Ұлттық ойындарға арналған әдістемелік кешен» – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, қимыл-қозғалыс, әлеуметтік және тілдік дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған құнды әдістемелік құрал. Кешенде қазақтың дәстүрлі ұлттық ойындарының мазмұны, мақсаты, тәрбиелік ықпалы, ұйымдастыру жолдары және жас ерекшеліктеріне сай қолдану әдістері жүйелі түрде берілген.

Әдістемелік материал ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруге, халықтық тәрбиені балабақша бағдарламасына тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Ойындардың дене дамуына, ойлау қабілетіне, шапшаңдық пен ептілікке, бірлікке, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеудегі ролі нақты түсіндірілген. Сонымен қатар тәрбиешілерге арналған нұсқаулардың түсінікті, практикалық қолдануға ыңғайлы болуы кешеннің маңызын арттыра түседі.

Кешен құрылымы заман талаптарына сай, баланың жас ерекшелігі мен даму динамикасына сәйкес құрастырылған. Ұсынылған сабақ жоспарлары, ойынды ұйымдастыру тәсілдері және көрнекілікке қойылатын талаптар педагогтың жұмысын жеңілдетіп, оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, бұл әдістемелік кешен балабақша тәрбиешілері үшін өте пайдалы, ұлттық рух пен мәдени тәрбиені дамытуда өзекті, ғылыми-педагогикалық талаптарға сай құнды еңбек болып табылады. Ұлттық ойындарды жаңғыртуға, балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін әдістемелік құрал ретінде қолдануға ұсынамын.

Пікір жазушы: Л.Т. Табышева

Қолы:

Лауазымы: Сарапшы



**«Nursultan 77» балабақшасының әдістемелік кеңес жиналысының
№6 хаттамасы**

Өткізілген күні: 2026 жыл, мамыр айы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер -8

Күн тәртібінде:

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Күншуақ" мектепалды тобының тәрбиешісі А.С.Ергалиева "Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу" тақырыбында әдістемелік жинағын қарастыру жайлы ұсынды.

Тыңдалды

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Күншуақ" мектепалды тобының тәрбиешісі А.С.Ергалиева: "Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу" тақырыбында әдістемелік жинағын көрсетіп, ұлттық ойын арқылы ұлттық құндылығымызды, ұлттық ойындарымызды, ұлттық ою түрлерін анық көрсетіп, балалардың ұлтжанды болуына ықпалы зор екенін айтты

Сөз сойледі

Балабақша әдіскері Л.Т.Табышева:

«Күншуақ» мектепалды тобының тәрбиешісі Ергалиева Айжанар «Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу» тақырыбында әдістемелік жинағын дайындап шығарды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде ұлттық ойындарды мақсатты түрде қолдану – балалардың ұлттық құндылықтарға құрметін арттырып, Қазақстан халқының мәдени дәстүрлерін меңгеруге мүмкіндік береді.

Бұл әдістемелік жинақ - балабақша педагогтарына күнделікті оқу іс-әрекетінде, серуен барысында, спорттық және мерекелік шараларда ұлттық ойындарды тиімді пайдалану үшін дайындалды. Кешенде ойындардың сипаттамасы, мақсаты, қажетті құралдары, ұйымдастыру жолдары мен қауіпсіздік ережелері берілген. Әдістемелік жинақтың ұлттық болмысқа тән екенін және бала бойындағы рухани – адамгершілік қасиетін туғызатынын айтып өтті.

Шешім:

ЖШС "Nursultan 77" балабақшасының "Күншуақ" мектепалды тобының тәрбиешісі Ергалиева Айжанардың "Балаларды ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу" тақырыбында әдістемелік жинағы педагогтер арасында қолданысқа енгізілсін.

Күні: 13.05.2026 жыл

Әдіскер:

Л.Т.Табышева

Хатшы:

А.Т.Тұрсынбай

